

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылыков, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

**АДАМШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫ – АР, АҚЫЛ
(Абайдың туғанына 150 жыл толуы алдында)**

Абайдың ұлылығын ұққының келсе, ел ішіне, ағайын арасына барының: ақын атанаң ұлағатты ойы, сөзі, ісі қазактың қанына сіңіп кеткен. Қарияның көкірегінде, жаңаөспірім көкөрімінің аузында маржандай төгіліп ақын ата ақылы жүр.

Абайдың дاناлығын танығының келсе, арғы-бергі баспасөзді, әдебиеттерді, оқулықтарды ашының: мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, қасиетті шығармалары шығады. Қазактың қалам ұстаған азаматы Абай бабасының ауыз ашпаған екен-ау! Абайсыз көз ашпаған екен-ау!

Абайдың қадір-қасиетін, ақыл-қайратын білгініз келсе, өзіңіздің, балалық шағыныңға оралының: Абай атасының көз ашқан қазақ бар ма, ондай қазақ қазақ болып қала алды ма!? Сонау Сауыр-Сайқанның бір қырында қара танымайтын әжеміз ыңылдан «Сегіз аяқты» айтқанда өзі бұлғандаған, жылмандаған сұрқия біреу елестеп бірде жырқ-жырқ құліп, бірде тіксініп үрпіп қалушы едік-ау. Сол бес-алты жас шамасында естігеніміз Абай екен-ау! Одан бұрынырақ та талай-талай сөзі құлақтан кіріп бойға тараған болар. Қазақ баласы Абай бабасын кітаптан да, әліппеден де бұрын тіл шығып, тісемей тұрып бесіктен, қара шаңырақ төрінен тыңдал өскенине күмән жок. Күмәндансаңың, Абай сөзін алғаш қалай, қайда естігенізді еске түсіріп байқанызышы... Абайды сонда табасың, сонда тани түсесің. Абайға сонда табынасың. Тіл киесі, даналық иесі. Ой иесі. Ой деген бір тұнғиық, сөз деген бір иірім, үйірген сайын тұнғиыққа тарта береді, тартқан сайын жүрек шошынып тулап, ақыл аласұрып нұрлап, көзің ашыла түседі. Көзің ашылды екен – көнілің, өсер, күмәнің кешер. Сезімің – көсем, сөзің шешен. Түйсігің жетіп, тілің жетпесті актара айтып өткен Даналық. Жүрек тіксініп, көз көрместі керсетіп кеткен Даналық. Окисың да оянасың, оянасың да ойланасың, ойландың екен ақиқаттың ақырған аязы жанынды кариды.

Аяз – тазалық. Жақсы жаманның арасын айырып, қара қылды қақ жарған Тазалық кірпияздығы дүниенің бәрін ондайды, түзейді, тазартады деу қысынға қиғаш, нанымға оғаш.

Тазалықтың тәнірі – Таным. Түркі жұртының ежелгі буыр-қанған толғамдары XXI ғасыр табалдырығында толқын атқан таным дариясына айналған. Ел болсақ, етек жисақ деген жүрттың бұл дарияға түспеске, бұл дариядан ішпеске, бұл дарияны кешпеске, өтпеске әдісі жоқ. Басқа жол – бұлдыры, басқа өріс – тұлдыры. Ақыл – таным дариясы, тазару, ағару дариясы. Қазақ жұрты, ұлты үшін ол – ой-таным дариясы Абайдан басталып, Абайға жетіп түйікталып жатады. Абайға қарап табады, Абайға балап алады... «Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлеертірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» (Жетінші сөз).

Білместіктің бір мінезі. Ұлтын сүйген, ұлты үшін жаны күйген ұлы акын адамды дүниенің, алдында күлкі, масқара ететін бір қылықты ашына ашырақ аңғартқан. Сезбестің ештеңе сезбейтін найсалтығы, надандықтың парықсызы көкірек келетіні еске түседі. «Ұл» деген сөз «Ұлы» деген ұғымнан депті Жусіп Баласағұн. Ұл болса да, Ұлы болса да тұған ел, алтын бесігін Абай бабасындей сүйсейші! Қазақ қайтсе ел болады, дүниедегі басқа жүртпен тең болады деп мынмен жалғыз алысып, құсалықпен күн кешкен дана рухы бүтін де біреудің жетесінде, енді біреудің желкесінде тұр. Жетеліге жаның сүйініп, жетесізге қаның карайды. Ғаклия сөздерінің он бесінші қайырымында акын: «Әрбір мастық бойдан оғатты кеп шығарып, акылдың көзін байлап, төніректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, акылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісі ер-тоқымын тастан, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім», – депті.

Мал көрмегендей атты қызылмай қылышп қинамай, жау күғандай жайдақ мінбей, ер-тұрманды ондал, бөрікті түзеп киетін

күн қайда! Ондай күн туар ма? Қазір ғой қайтсек қазақ боламыз дескен заман. Боламыз дегенмен бола қоя ма?! Ол үшін қазақ елі қандай болып еді дейтіндер аз. Қандай болғанын кім түгендер жүр. Көн пендеге – көрген түстей бір елес. Естігені бар, тиіп-қашып көргені бар, ойдан шығарғаны бар – көжедей «сапырып» жатқан жай. Мәңгүрттіктің аулынан шыққан қайсыбіреулер мәнсіздеу қылық, ожарлау істерін де «қазақылықтың» қанжығасына таңып жіберіп, «қазақ сондай болған шығар» дегізіп қалады. Осындай-осындайдың қапталында қазақтың Абай айтатын естілігі, есерлігі, еліктегіштігі, мақтангершілігі, мастығы, сергектігі, серілігі, желікшілдігі, жікшілдігі... – бәрі-бәрі де айқұлақтанып айқайлап аңқып тұрады екен.

Несі бар, жөні де солай шығар. «Ұлып жүртта калған ойды» қайта тауып, қайта сініргенше қай заман! Басқаша болуы мүмкін де емес қой. Әйтеуір, талалтының тауы шағылmas. Қазақтың қандай болмағы танымынан. Ал, қандай болмау керектігін Абай дана «Ғақлияларында» бетке басып айтып өткен, өсиет етіп қалдыраған.

Өмір озар. Тұптің түбінде аптықтың – паркы, асылдың – нарқы, арсыздың арты ашылар. Лепірген көніл сабасына түсіп басылар, мал баққандар – малын, жан баққандар жаңын бағар. Бәрі де арнасын, жөнін табар. Ғасырға жуық уақыт бойы не саяси тәуелсіздігі болмаған, не мемлекеттік саясат, не ұлттық стратегия ұстанбаған жүрттың ендігі жай-күйінен басқаша өрісті күтудің өзі бір түрлі оғаш сияқты. Қазекең жетпіс жеті жыл бойы «жарқын болашақты» аңсаумен ғана күн кешті, ресми саясат жүргізбеді. Саясат басқа, тұрмыс басқа еді. Сол тұстағы қазақтың саяси «қызыметкерлерінің» өзі саясаттың қамшысы болмаса, тізгінін көрген емес. Бір кезде дінді аластаған секілді, саясаттан аулақ боламыз дегенмен, әдебиеттің өзін даралаймыз дегенмен, қоғамдық тіршілік заны оған болар ма!? Халықтың онсыз да ғасырға жуық ұлттық саясаттан салғырт тұрмыс кешіп келгенін білмейтін бе едік (Бұл жерде Ресей мен қазақ даласының арасындағы жер мен көктей айырмашылықты анғармау, ұмыту қәперсіздік). Мүмкін, қазіргі үлкен-кішінің, ғылым мен әдебиеттің азаматтық сөзге құлышынысын, саясатка (ұлттық) үйрсектігін

осы бір сусаудан деп түсінген жөн шығар. Біле-білсек, «саясат», «әдебиет» дегендерді қазекен қалтасынан шығармаған, араб жұртының сөзі. Сөз болғанда, ертеден-ақ белгілі сөз. Біраз ағайын саясат дегеннің бәрін «үгіт-насихат» деп ұғатын сынайда. Бұғінгі кеп сөздің бір түйіні байырғы қазақ қандай еді, қазіргі қазақ қандай едіге, енді қандай болмаққа саяды, содан өрбиді. Осы қазақ қандай болып еді деген адам әуелі Абайды оқысайшы, шіркін! Қазақ үшін «саясат» дегеннің, «әдебиет», «пәлсәпә» дегеннің неге тұратындығын білгісі келген адам әуелі Абайды оқысайшы, шіркін!

Қазақтың қандайлышы тегінен, жерінен, тарихынан танылмақ.

Ұлы Түркінің – Туркістанның (Марко Поло) көкірегінде кен көсілген қалың қазақ елі, түркілердің алтын бесік, ата жұрты жайлы батыс-шығыс зерттеушілері мен тарихшы, саяхатшы, саясатшыларының әр кезеңдегі ойлары, пікірлері қатпар-қатпар. Бірі келістіріп жазады, бірі кемсітіп, әкеге көрістіріп жазады. Әйтеүір, бір шеті Днепр, Донға шыққан, бір шеті Алтай асқан қыпшақ даласы, көшпенді елдің сыр-сипаты, жұмактай жұмбақ сахараның небір құпиялары Еуропаны да, Азияны да тегін алаңдатпағаны. Осыншама өлкені еркін жайлап, кен көсілген жайсан жұрттың тарихы да, тұрмысы мен тіршілігі де, мінез-құлқы да көкірегінде көзі бар жанды ойландырмай қойсын ба?! Ақылға сыймайтын ен байлық, бақ-дәулет бақайынан келмей алшан-алшаш басқан осы бір «қожанасырлау» әулие елдің құлқы мен қылғы кімге де болсын қызық көрінері күмәнсіз фой. Бұл ұға білген кісіге қоғам тарихының өзгеше бір бітімді жұмбақ құбылысы. Әнеу бір көше берген, көше берген соң, мыңғырған мал «ізі калған» жер көлемі өсе берген деген сөүегейлік парықсыздықтан туған, нәрсіз парықсыз тұжырым. Кім көшпеген?..

«Көше бергенге» ой жүгіртсек, «ірі өзендерді бойлай» (С.М. Соловьев) отырықшылық күн кешкен орыс мемлекеті тұғыр тепкен бүкіл Шығыс Еуропа жазығын, сол орыс халқының негізін қалаған «ұй салып, қалқан көтеріп, жаяу-жалпы соғысқан» (Тацит) славяндардың шығыс тармағының өзі «туу, орнығу жолымен емес, бір жерден бір жерге құстай ұшып-қонып жүріп,

орын тепкен жерінен екінші бір жаңа жерге ауыса отырып, көше жүріп толтырған (В.О. Ключевский. Лекция 11. Колонизация, как основной факт). Тағы да сол В.О. Ключевский... «бұл қозғалыстың» (Оралдан әрі Сібірге, Тынық мұхит жағалауларына дейінгі, Каспийден де әрі, Волгадан да әрі Кавказға, Новороссияға дейінгі) тұптің түбінде жалпы жағдайға тигізетін салдары аз болмайтынына алаңдал, жан ұшырады.

Бұл ретте тарихшының өз жерінен тым қырыға аяқ-қолын бірдей созған ұлты қанатын кең жаям деп қанын сұйылтып қаңғырып, азып-тозып кеппесе екен деген қаупі айқын анғарылады. Әрине, жан бесігі Дон, Днепр бойынан түү Қыыр Шығыска қияндап жаңа жер иемденген елдің тағдыр-талайы мен табиғаты бір басқа да, ата мекенін алты ай қыс алты ай жаз жыл құсындағы еркін жайлап, айналып-соғып отырған жүрттың жаратылысы бір басқа. Ол көшу мен бұл көшудің арасы жер мен көктей. Жат жерді «басқан» жанның өз әрекетіне қарай өз психологиясы, алуан қырлы өзін-өзі ақтайтында мінез қыры пайда болады, өз жерін басқан жанның жан сарайы мұлде басқа. Былайғы ұлттық мінезд-құлық та соған сай бейімделе бермек. Геродоттың тарихында парсы патшасы Дариидің скифтерге жорығы туралы мынадай аңыз да бар:

Скифтер парсыларға қарсы соғыспай, жолында не құдық, не бір жайлы қоныс қалдырмай, даланы жайлап жылжи отырып титықтатқан шағында, Дарий скифтердің патшасына жауши жібереді. Сондағы айтқаны: «Несіне бетпе-бет келмей кезіп кеттіңдер? Тоқтап, қарсы келіп соғыс, болмаса женілгенінді мойындаپ, тілге кел, сый-сияптыңды жаса!» – деседі. Сонда скифтердің патшасы: «Ешқашан, ешкімнің алдында қорқып, қашып көргенім жоқ, сенен де қашпаймын! Несіне қашамын, бүйтіп жүргеніміз – өзіміздің үйреншікті тұрмыс күйіміз. Жайшылықта, бейбіт кезде де осылай көшіп жүрген елміз. Сенімен несіне соғысамын. Сендер жауап ала қояды дерліктей шаһарларымыз да, егін жайларымыз да жоқ, нені қорғап соғысамыз. Бірақ бұл – ата-абаларымыздың сүйегі жатқан жер. Сол молаларды қиратып, талап көріндер, сендермен соғысар-соғыспасымызды сонда білерсіңдер», – деп жауап қайтарады.

Аңыздың тарихи деректілік мәні өз алдына, тұрмыс сипаты мен мінез-құлық ерекшеліктерін аңғартпай ма? Көшпендейтілік пен отырықшылықты бәсекелестіре, жарыстыра, бірінен-бірін артық-кем қоя бағалау да бір жаттанды, жадағай сынаржақтық. Екеуде белгілі кезеңдегі тұрмыс-тіршілік түрі, екеуінің де өзіндік артықшылық-кемшілігі бар екені белгілі. Табиғи қабілет, тарихи үрдіс, тұрмыс-күйі қауымның кіслік, ұлттық мінез-құлық, тіршілік ерекшеліктерін, өзгеше сипаттарын түзетіні белгілі. Бірақ, қайсысын алабөтен артық санацын. Көшпенди де көсе емес қой! Әрине, қанатты мен тұяқтының арасында асу бермес алшақтық жатыр. Әрқайсысына өз тірлігі жақын, әрқайсысының өз патша көңілі бар. Былайғының бәрі селкос, басқаның бәрі төмендеу, қолайсыздау тәрізді. Ертедегі көзқарас, жазбалардың денінде осы көзқарас басымдық алып келеді. Ендігі жерде, екеуіне де зерделей қарап, екеуін де теңестіре саралаудың тарихи мүмкіндігі бар. Көшпенди деген ұғымның өзіне «көшіп жүрген бір дүние» емес, өзінше бір мәдениет, өркениетті үрдіс, құбылыс ретінде қараудың қажеттігінің даусыз ақиқаттығы түбегейлі дәлелденген тұс.

Еділ-Жайықтың бойын еңдей тен жайлап, Дон, Днепрге дейін кең көслеген дала жұртының өз мінезі, даралығы ежелден мәлім. «Сама Азия, настоящая кочевая Азия, испокон веков наводняя своими кибитками и стадами нынешнюю южную Россию, по видимому, слабо чувствовала, что она попадала в Европу» (В.О. Ключевский) дегенге бүгін тандаудың реті жоқ. Әдеттегі жаттанды таным Еуропа Азияның жік арасын Орал тауларының керуен тізбесі бойымен түсіреді. Оған күмәнданған пендені көрмедік. Ал, грек ғұламалары бұл ара жікті Дон бойынан тартатын көрінеді. Саяси әуендерге әуекесін созған біздің заманғы тарихи, географиялық тұжырымдардың қандайынан да, ежелгі дүниенің таным-деректеріне ішіміз жылып тұратын жағдайға жеткенімізді несін жасырайық. Мұның өзі «Аргументы и факты» сияқты тілі ұзын, сөзі қысқа газеттердің ерін ұшымен ғана «болымсыз ауытқулары демесек», негізінен Россия Қазақстан шекарасы өзгеріссіз келеді, Қазақстан Россияның ешқандай облыстарын қаратып алған жоқ деп бізге кенколтық көрсетуін

сезгенде, ойға түсетін болжамдар «Болымсыз ауытқуларды» Орынбор, Омбысыз қалған біз түсінеміз, әрине, «осы Қазақстан Россияның облыстарын озбірлікпен қосып алғып қойыпты ғой?! Ол қай облыстар өзі», – деп дегбірі қашып, танауы қышып сауал тастап отырған қостанайлық жерлесіміз қайдан білсін!? Сөз жоқ, әлімсақтан болары болып, бояуы сінген бұләнгімені жер жағдайын тілу, ілу емес, білу үшін, біле жүру үшін айтпағымыз түсінкіті. Білген адамда иман, инабат, бәрін былай қойғанда, қанағат болады. Тарихи санадан тарихи ар-ұят туды, тарихи намыс оянады. Жер туралы қандай сөз де халыққа келіп тіреледі, халықтық мағынаға ойысады. Жердің кеңдігі мен Ел ішінің кеңдігі – өзектес ұғым. Жері байдың – елі бай. Ер қадірі – елімен, ел қадірі – жерімен. Ел еңсесі, ел мінезі – жерінен. Сергек, сезімтал, сұлулыққа інкөр, қанышыл қазекенді ешкім қанқұлы, қанқұмар, қанағатсыз дей алмайды. Еркөніл, жайсаң, баладай ақжарқын қазекен – «бір атым насыбайдан көнілі қалғыш» баладай өкпеші де. Ағайынмен араздасқандағы өкпесінің түрі «Сенің осы зорлығына көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» (Абай. Жиырма бесінші сөз) деушілік... Іргесін бөліп үдере көшу. Айлап, жылдап қыыр қонып, шет жайлап келіп, анырасып ағатайлап табысу. Өкпеге қиса да, өлімге кимау! «Жаманың өкпесі басы жерге кеткенше, Жақсының өкпесі жібек орамал кепкенше!» – деп, онысын тағы мақтан тұтады. Бұл да болса бір жаратылыстың жомарттығының, жердің кеңдігінің белгісі. Көшер жер, көленкे етер тауы болмаса қайтер еді?.. Ал, осы ұлан-ғайыр жерге деген махабbat қандай! Жерге қойған атаулар қандай! Арганаты, Сарыарка, Жиделі байсын – Құлынды, Баянтау, Баянжүрек, Ұлытау, Атырау, Орынбор, Нарын, Қазықұрт, Қараспан, Жер шоқтығы – Қекшетау, алтын алқалы Алтай, жер жәннәты – Жетісу, Сауыр-Сайқан, Мойылды, Шиелі, Шідерті... Көз тұндырар, бас айналдырар поэзия. Сұлулық географиясы (Ұлттық географиялық карталарымызды мамандарымыз өз қолымен жасар күн туса, географиялық атластың ең сырлы, ең сұлу мәндісі болар еді-ау). Географиялық карта емес, поэтикалық карта дерліктей.

Сөйткен қазақ, түркі жұртының қара шаңырағына ие болып калған Қазекен – дүниеге әлі де жұмбак та, таңсық халық. Жалпақ әлем, жат жұрттар біз туралы естігені болмаса, әлі танып-біліп үлгірген жоқ десек, артық кетпеспіз. Соңғы бір жыл, жарым жылдағы көнілдің дариядай тасуы, шаттану мен насаттану бәрінен бұрын өзіміз үшін, өзімізді өзіміз жебеу үшін еkenі белгілі. Ес жиып, еңсе түзеу үшін бұл да бір өткел, бұл да бір сын... Алда тұрған ұлан асу – он сегіз мың ғаламмен табысу қазақтың өзін-өзі тануынан, өзді-өзімен табысуымен басталса керек. Осы үлкен үрдіс басында ұлы Абай ғақлиялары тұр. Тізгінін өз қолына алған жұрттың мақтанары не, мұқалып, жүзі төменшік тартары не? Неден арылып, неден жиренбек ләзім, нені ұстанып, нені мақсат тұтпақ жөн? Осының бәрінің дәл жауабы – Абай ғақлиялары. Бойын тіктеп, буынын бекіткен тұста халықтың даналық қайнарлары да терендеп, тұнығын тұндыра туспек. Тізелеп, жүрелеп жүргеннен түрегеп жүргеннің еңсесі түзу, жүзі жарқын, көзі алғыр, ойы ұшқыр. Фасыр бойы әдеп, таным, тәрбие академиясындай болған Абай тәлімі бүтінгі күні кісіліктің киелі кітабындей. «Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады. һәм қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмейді, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. һәм үялғандары ұялмас нәрседен ұялады. Ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтық әсері» (Жиырма алтыншы сөз), – деп ескертеді ғұлама. Пенденің қуанышы бір басқа да, елдің қуаныш, қайғысы бір басқа екенин ескерсек, бұл ойлы сөздің мәні терендей түсері көміл. Барлық, байлық – мақтан, батырлық – мақтан. Ой қумак, өнер қумак, серілік, сергектік – мақтан. Жомарттық, жолдастық та бір – мақтан. Құлақ тұрсек, басқа жұрт та мұндай-мұндаидай қасиеттерден құралақан емес көрінеді... «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» (Он сегізінші сөз) керек екен. Ол жағынан да кенде қалдырмаған секілді. Бірак ардың да арзаны, намыстың да жалғаны бар... Аршылдық, намысшылдық десеніз, қазақтан ізденіз. Жер ортасы жасқа келген, қажыған, жалыққан, істін бәрінің баянсыз, байлаусызын көрген, осыған дейінгі тірліктің

күр қоршылық екеніне көзі жеткен ұлы ақын ендігі өмірді қайтіп, қалай өткізбектің жолын іздейді. Сол жолды таба алмай қайран.

Ел багу?..
Мал багу?..
Ғылым багу?..
Дін багу?..
Балаларды багу?.. (Бірінші сөз).

Бәрі де мәнді, бәрі де халыққа қажетті іс. Ел ішін көктететін іс. Әттең... Заманы құлықсыз, талапсыз. Кім үшін? Не үшін? Не деп айналыспак? Ұлы ойшыл соған қүніренеді, содан түніледі. Ешкімнен ақы сұрамайтын ғылым екеш ғылымның өзінен «Мұндастып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі бір тез қартайтатұғын күйік» (1) деп көніл сұытқандай күйде.

«Қазақтың бірінің біріне қасқунем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?» Ұлы ақын соған таңданады, соған жауап іздейді. Жауабын да өзі түсіндіреді: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтанғыш келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» (2).

Осының бәрі мал көбейтуден басқаны, өнер, ғылым, білім секілді нәрселерді көперге алып, ойламағандықтан. Малым болса, малшым болса, сұлу құшып, қымыз ішіп, жүйрік мінsek дегендіктен екен. Мұның да өз қасіреті бар көрінеді – «Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп әуелде ішімізбен қас сағындық. Әр-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиноста күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық (3). Партияшылдыққа ұрынды екен, әр сұрқия қай партия демдесе соған жығылып сұрқия тірлігін

жалғай береді екен. Содан келіп бірлік, тірлік дейміз. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік». Бірлік қандай елде болады? «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Бірлік малға сатылса, антүргандастың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек» (6). Ежелгі грек ойшылы Цицерон да осы ойға әлденеше оралыпты. «Но разве между хорошими людьми нет естественного чувства взаимной любви? ... Но если мы используем ее для нашей выгоды, а не на пользу тому, кого мы любим, то это будет не дружба, а какая-то торговля своими услугами. Таким образом, любят луга, пашни, стада скота оттого, что от них получают доход, а любовь и дружба между людьми бескорыстна» («О природе богов»). Осы ойды жерге қатысты айтуда да болар...

Абай... Тірлігі қайсы, кеудеден жан шықпағандық, пысық-айлық, кұлық саумактық па?! Жан тәттілік пе?!... ...Тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады».

«Осы ақылды кім үйренеді, насиҳатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би». Олар билікке сайланғанда, билікке таласқанда өзгеге өздері үйретеміз, ақыл айтамыз деп сайланбады ма? Өздері түзеліп алып, енді елді түземек. «Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де қолы тис ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, яки елдегі бұзакыларымызды бүліндіріп аламыз ба, яки халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындалап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? – деген, ебіне қарай біреуді жетілтейін, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді» (8). Байлар болса, өзінде жоқты (білім, өнер, оку-токуды) малымен сатып алмақ. «Көңілдері көкте, көздері аспанда, ададық, адамдық ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай-тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал.

Енді ұры-залым, сүм-сұрқия өзі де тыңдамайды. Онша-мұнша қой жұнді қоңыршылар күнін де көре алмай жүр» (8). Сонда, ғылым мен өнер, ақыл-білім кімге керек!? Өнерсіз, ғылымсыз жұрттың күні не болмақ, қайда бармақ? Ұлы Абайдың: «Егер менің ішімді жарып көрсөң, жылауынды ұмытып, шошыр едің», – деп құдайының зарын қылатыны осы. Жүсіп Баласағұн да: «Мұнымды

айтсам, мұнайрың өзін де», – дегенде, осыны меңзегені көміл. Сейтіп тапқан малдың, қорқытып, алдап-арбап, тіленіп жүріп жиган малдың қадірі қандай? «Ешбір қазақ көрмедім, – дейді дана ақын, – малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпенен айырылады» (10). Бейнеті, қүйігі, ызасы қалады. Барында «баймын» деп, жоғында «маган да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады.

Ұлы Абайдың ұлағат айтып, ұрпақтан күткен казағы да «акыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстаған мықты қазақ. Міржақыптың «Оян, қазағы!» да – сол Абай үшкінші, Абай мектебі. Бұл – көркем ойдың, көркем әдебиеттің әлеуметке тіл қатуы, әлеуметтік ағымға соны өріс бастауы. Халықтың үлкен-кішісіне ой тастауы. Абайдың әлеуметтік армандары таза, қазақы топырақтың тінін танып, тамырын басып отырып, дүние ойшылдарының адамшылық тұжырымдарына құлақ түре жүре түйген өсiet. Ұлы ойшыл ақынның қазақ қауымы туралы бұл тегеурінді философиясын біз тек көркем әдеби туындылар қатарында, ақынның «қара сездері» қатарында оқып-тоқып келдік. Шын мәнінде «ғақлиялар» – қырықтан асып ой басқан, болыстықты да, мырзалақты да көріп, өзі жазғандай жабығуды «жалағуды» (20) да кешіп, жаны ашынып: «Енді қайтпек жөн?» – деп, соқтықпалы соқпақсыз жерден жол ізделеген тұстағы ақыл шарықтауы. Қогамды, адамды, қазақты көгертудің ақылман қағидалары. Түсінген адамға тәуелсіз елдің ұлттық мәдениетінің мемлекеттік бағдары, рухани қазынасының бесігі, түп-тамыры сонда жатыр. Кейде қайран қаласың, осы жүрт «Ресейді қайтсек көгертеміз?» сықпышты не пәлсәпаға, не әдебиетке, не қогамдық ойға үш қайнаса «сорпасы қосылмайтын саяси сағызнамаға сонша дурлігісіп, халықтың тағдырына жанындај жақын Абайдың «Қара сездеріне» қазақтың әдебиетін, пәлсәпасын, қогамдық-әлеуметтік танымын айырықша аспандатып кеткен, «қалтамызда» жүрген қазынасына неге қабақ қақпайды? Иә, иә... «Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?» (40), «Жаттың бір тәуір кісісін керсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай» (40).

Шынында да, «Біздің қазақтың достығы, дүшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да үрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздел, өрістерлік күн болар ма екен? Эй, не болсын!» (24). Эй, не болсын!.. Нарыққа аузын енді ашқан, қазақша айтқанда, мал таппаққа бет бұрган қазіргі ағайындардың қырық қырлы қалтарысын, тоқсан толғам сырын көзбен көріп айтқандай көрегендік. Ақын ойы бүгін ерекше қуаттанып, теренге тартқандай. Бүгінгі сөздің төркіні, ел болмақтың есігі әріде тұрғанына, ұлттың Абай сынды даналарының көкіретінен қайнап шыққан қайнар бұлақ екендігіне көз жетіп, көңіл марқаяды. Абай айтты деген сөз – асыл айтты деген сөз. Асыл айтты деген сөз – ғасыр айтты деген сөз. Ғасыр ойы, ғасыр сөзі – қалың қауымның көкейіндегі көкейкестісі.

Бірақ ойшыл ақын тілек тілемек пен талап құмақтық тізгінін тен ұстайды. Тілек бар, сол тілекке жетпек бар. Жету жолы – ауыр жол. Сол ауырдың асу бермес бір азабы қазақтың өз қырсығы дейді ақын. «Қазактар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы – жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесін жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десен, мақалдарынан танырысын: «Өзінде жоқ болса, екен де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Карның ашса, қаралы үйге шап...»

Бұл мақалдардан не шықты? Маглұм болды: қазақтыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе онымен жауласпақ екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен (5). «Іздеген еліміз осы ма?» (5).

Тағы тұжырады: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретүшінің бір себебі – жұмысының жоқтығы» (42-сөз).

Кімге барып жөн сұрап, кімнің айтқанына сенбек, ермек жөн.

«Мырзаларды қадірлейін десен, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жур...

Болыс пен биді құрметтейін десен құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны сыйлайын десен, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десен, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті.

Енді қалды ку мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес» (22). Сонда кім қалды? Кімге сеніп, кімге ермек? Енді біреулердің бар өнер, мақсаты киім түземек, жүрістүрьысын түзетпек. Осыны дәulet көріп, өзін-өзі базарға салып әлек, көрсекізар көзқұмарларға «бәрекелді» дегізсе, одан үлкен бақ бар ма? Біреуді қызықтырып, біреуді құндестьіріп әлекке салмақ. Әлдебіреулер өзіне өзгешелік бермекке тыраштанып әуре. Енді бірі жатқа мақталсам, екінші бірі еліме мақталсам, үшінші бірі ағайын ішінде өзімді-өзім мақтап жетсем деп жанұшырып жур. Түптің түбі бәрі бір бос мақтан, бостекі әурешілік. Енді қайтпек керек. «Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қасиет қазакта кем болады» (14). «Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазак ол әдетінен еріксіз қорыққанда, я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына женгізіп, мұным теріс екен деп өздігінен тоқтаған адамды көрмессін» (26).

Адамның құлқы – қауымның, заманның құлқы. Қоғам мен елдің түзулігі – адам мінезінен, пиғылынан. Пиғыл – парасат-пайымынан. Заман оңалсын десек, қылыш-құлқынды, адамды онда. Қырық бес тармақ толғамның әр жолынан, әр тынысынан осыниет жолындағы күйзеліс, күңіреніс, курсінісі естіледі. Жүректің мұнын аршып, жолын ондар амал іздейді. Пенденің пендешилігін қалың елдің бетіне басқандай жирендіріп, намысына тиіп, қанын қыздыра отырып, жақсылыққа, тарлыққа, адамдыққа бұрады. Ал, ақынның көнілі қалып, жүргегін мұздатқан жайлар көп-ақ, сүйретіліп әлі келеді. «Осы қазақтың өлген кісісінде жаманы

жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай? Жамағайынды туғандай көріп шұрқырап, елжіреп, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай? Адалдық, берекеде, той, өлімде табылмай, барымта, ұрлық-қарлық десе табыла қоятыны қалай? Күнде тілін алатұғын достан, кейде бір тілін ала қойған дүшпанды артық көріп еле жаздайтұғыны қалай? Тыныштық іздел таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсे тыныштықтан жалығып шыға келстүғыны қалай?»

Ой женғен, арғы-бергімен ой арқылы тілдескен сара көніл, дана жүрек лупілі. Бір кездегі саф алтындаи сомдалып туып, сол күйі сақталған қазына. Енді ел болсақ, өзгелермен тең болсақ деп он-солға мойын бұрғанда, ауызға алдымен алынарлық асыл қағида, кісілік-елдік шарты. Небір сырттан таңылған саясат, қалтага салып берген моральдық кодекс қағидалар қалай келсе, санада солай өше бастады. Қазақ елінің тағдыр талайын, тұрмыстіршілігін саралай отырып, өз бойынан танып таратқан Абайдың өсиет сөздері бүгін де жатырқаусыз жақын, намысқа бастаса да, шалысқа бастамайтын парасат ақиқаты. Әсіресе, қазіргі ұлттық рухани өзегімізді мемлекеттік тұрғыдан түзей бастағанда маңдайға басқан бірегей көркем де келісті пәлсәпә тұнығы.

Абайды оқыған сайын есті ел етегін жиып, тәубасына түсіп, дүниеге ақиқат көзімен қарай бастайды. Талай-талай шашырап, тозған тұста елдің іргесін шайқалтпай сақтап қалған Абай тәлімі, Абай сынды дана санағы. Батырлықтың, қаһармандықтың ардақтысы да, аруақтысы – жүректің батылдығы, ақылдың асыл мұны. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған данышпан сөзі оқыған сайын соныға бастайды, оқыған сайын ойға ой қосады. «Ақыл – азбайтын қазына, білім – тозбайтын тон», – деген осы шығар.

Қазіргі дүние дүрбелеңінде алабұрттып қияннан қиянға көз тігіп, қиядан қияға табан тіреген қазақ жұртының мінез-бітімінде дана ақын түстеген мінез-қылыштың бөрі де боз күйі кездеседі. Жақсы мен жаманымыз күн мен түндей шарпысып, жалғасып жатыр.

Тәуелсіздіктің ауыр жолына түскен жұрттың бой түзеу үшін, Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұстауы үшін, іш пен сыртты бірдей саралап, саңлақ шығарлық парасаттылық керектігі белгілі. Қазақ қауымы дана ақыны өсиет еткен ұлы көштің бетін енді ғана қайта

түзеді. Ел болмаққа, ерікті мемлекет болмаққа бет бұрды. Абай ойы, Абай жолы – осы жол. Бұл ұлы жолдың ұлы сөзі – Абайдың ғақлия сөздері.

Қазір ғой елді имандылыққа үйіріп, адамшылыққа жүгін-діретін, жаны жылып, намысы оянған халықтың ынта, ықтиқатын тоғыстыратын күш, мемлекеттік деңгейдегі қуатты ұлттық идеология жоқтығы күн санап біліне бастады. Саяси партиялар әлжуз, көбі шалақарпылған, елді егжей-тегжейлі танып болмаған, тек тілек-ниетті қанағат көріп жүр. Ел де «партия» деген сөзден үркіп, мезі болғалы қашан. Дін жолы да біз үшін тайғақтау. Біз үшін дейтініміз қазекен әу бастан дінге көз жұмып құлаған жүрт емес-ті. Оның үстіне, сол дінді қазіргі ғылым, таным өрессінде өрбітер сауатты, білімдар мамандары жоқ. Қол жайып, көніл алақтап, сырт көрініс жасаған құлшылықта не шапағат болсын. Кез келген жerde екі алақанды жамбасқа жанып жіберіп, жапыр-жұпыр қол жайысып, бет сипай бергеннен құлшылық жолы өтеле қояр ма? Абай дана осы партияшылдық, діншілдік туралы да «Факцияларында» білімдар ой тастайды. «Қазақ құлшылығым құдайға лайықты болса екен деп қам жемейді. Тек жүрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны» (16), «Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды» (16) деп, дінді ұсташа үшін де ең әуслі имандылық, терендік, ақыл-ой қатысы қажеттігін шарт қылады. «Кімнің ұтты жоқ болса, соның иманы жоқ». «Бірақ сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді. Сөйтіп міндеттін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді». Залымдық, алдау-арбауды жаратқанның өзі де жаратпағандығы ғой. Ендеше, имандылыққа ұйып, шаригат шартын ілімдей сініріп, құлшылық жолына құран аударып кірмеген соң, шала-шарпы, жүрдім-бардым бет сипау алдау емей, немене. Алдағанды Алла да сезетін шығар... Абай сөздеріндегі имандылықтың бірер шарты: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарызы емес пе?», «Кім сені сүйссе, оны сүймектік қарызы емес пе?», «Қиянатшылыққа бір қара тұрған адам я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман», «Ынсан, ұят – бұл ғадаләттән шығады», «Шүкірлікten ғибадаттың бері туады», т. б.... (38).

Президенттің жуықтағы ел әкімдерінің алдында сөйлеген сөзіндегі жүрттың бәрі түгел қол жайғыш болып алды деген ескертпесінде үлкен шындық жатыр. Мұны, надандыққа, құр әурешілікке бой ұрмайық, қай нәрсенің, қай ілімнің, көсіптің алдында да қазіргі заман деңгейіне сай білімдарлық, тазалық, адалдық болсын деп түсінген жөн-ау.

Ұлттық ыждағат, ұлттық идеология, содан барып туындаитын мемлекеттік саясат бағдарындағы күретамыр – бұрынғы-соңғы түркі, қазақ ойшылдарының ансары болған елдік, халықтық ой-тұжырымдары емес пе? Солардың ішінде Абай ойы шоқтықтанып, өзгеше озық көрінеді. Өйткені, ойшыл дана ғақлиялары қазақ топырағының ғасырлар түзген қатпарларын «ақтара» жеткізген Даналық кітабы. Соның бәрін, исі қазақтың көкейге түйгенін аршып алмай, қазіргі ыстық-суығы басылмаған бірер күндік ой соқтасы халықтық идеология бола қоя ма? Абай сынды халық даналары – сол түрғыдан да елдің арқа сүйер ақылмандары. Ондай рухани бағдарлама халықтың арман болған мақсаттарынан, тағдырынан, тарихымен қорытылған қасиеттерінен жаралса керек-ті.

Сірә, өткенге ой жүгіртіп, аргы-бергі ойшыл, ғұламаларды ақтарып қараудағы біз іздейтін ұлттық мұдденің бір жоғы осы шығар. Абай ойы, ақын мұрасы – халыққа сол үшін де қымбат. Бір жарым ғасыр өтсе де кайта-қайта Абай ұлылығына ұмтылатыны да осы орайда түсінікті талпыныс.

Ұлы Абайдың тұғанына 150 жыл толу белесі – осынау үлкен жолдың үлкен сөзі. Елі құлақ аспаған сөз – жетім. Сөз атасының ұлы ойлары жетім қалмауы керек. Ақынның ұлағаты ұлан-гайыр мұраларының қатарында «Ғақлияларының» халықтық, мемлекеттік, елдік мәні, эстетикалық құдіреті ерекше шоқтықты. Ондай елдікке, қасиеттілікке шакырған ақыл толғамы әр қазақтың қолында, қойында жүрмегі ләзім. Ақылдың асыл қорытпасындей әрі қысқа, әрі нұсқа қырық бес ауыз ой толғауды қаны таза, қадамы ширақ, ата дәстүр, ана тілін өрістетуді мақсат тұтқан әр түрлі «Ата мұра» сияқты баспалардан бастап алтынмен аптал шығарып, ауыл аралап таратса да артықтық етпес еді. Бейнет

акталар еді. «Құтадғу біліктің» бісмілләсінде: «Бұл кітапты оқыған, таратқан, ауызға алған насиҳаттаған адам осы кітаптан да ізгірек, жақсырақ», – деген жазу бар. Яғни адам баласына ізгілік жеткізгеннен ізгі қандай іс бар дегені ғой. Сондай өнегелі кітаптардың бірегейі – Абай атанаң «Фақлиялары». Жанға – нұр, санаға сәүле құятын сез сарасы.

Әл-ауқат, байлық, тоқшылық жақсы-ақ. Жан бағу емес, «жанды» сактау, рухани жағынан жұтамау одан да жақсы. Қазір ежелгі ойшылдарға жүгініп, ертедегі тарихқа ұмтылыс басым. Дамудың біз зерделеп үлгірмеген заңдылықтары, ерекшеліктері қаншама. Эйтсе де, әл-ауқаты, мал-жаны жағынан бұрынғылар бүтінгіден артық шықпаса, кем түспеген. Бәлкім, олар бізден гөрі тоқшылықта, барышылықта үріп ұрттап, шайқап ішкен де шығар. Ол қазақ қандай еді, қазіргі қазақ қандай?! Ол заман мен бұл заманның сыныайы, ынғайы қандай? Қандай болмақ жөн?

Яғни, тәуелсіздікпен бірге рухани білім-болмысымызды даралайтын шақ туды. Ұлттық рухты өзек етіп бүкіл мәдени, ғылыми тініміздің таза үрдісін бастаудың бір көзі төл ғұламаларымыздан басталады. Қазақ елінің, жерінің сан салалы, алуан қырлы реңми қарталарынан (географиялық, экономикалық, тектоникалық, демографиялық, т.б.) бастап «Қазақ елі» атты энциклопедиялық басылымдарға дейін мәдениет пен ғылымның бар саласы бойынша ұлттық бағдарламасы айқын, дәйекті еңбектерді кешенді түрде жургізіп, мәуесін насиҳаттау елдің еңесін түзеп, елдігін арттырап еді. Мәселен, академик Манаш Қозыбайдың «Ата тегіміздің тарихы» туралы ғылыми тұжырымы, барынша байсалды еңбегі сол саладағы болашақтағы үлкен істердің бастамасындай. Сол багытта терен жұмыстар жазу ғана қалып тұрғандай. Әдебиет тарихы, өнер тарихы, ғылыми теориялық мәселелер, шығармашылық жөнінде де, білім саласында да байсалды бағыттар белгіленсе, үлкенді-кішілі мамандардың жолы айқындалып, ісі нақтылық сипат алар ма еді. Эрине, Абай арланған жат мінездер – мәдениет пен ғылым ісіне де жат. Ғылыми жағынан байыпты әдеп, парасат жағынан ұстамды болу шарты белгілі. Женілтектік те, фальсификацияның

қылаудай лебі ұлттық таным дәстүріне қаракүйе болып түсері анық. Бұл ойды әу дегендегі алғашқы арын, ет қызумен жүріп кей-кейде данғойлықтың, күнөсіз болса да асып-төгіліп кетудің ұшығын шығарып алатын сәттердің кездесетініне орай айтып отырмыз.

Ұлылар ғақлияларын ұрпақ игілігіне жарату да таланттылықты қажетсінетін іс. Абай ғақлиясы, дүниетанымы – заман сарабынан өткен, тілі ойлы, тіні берік адамгершілік ілімі.

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» (Отыз жетінші сөз). Адамшылықтың, ел болмактың, арлылықтың дана жолын, ұлттық іргетасын замана мінезіне қарай берік бекіткен ойшыл Абай. Ендігі тізгін қалың елдің өз қолында.

ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны	213
Бельгер Г. Абай мен Гете	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі	267
Түсініктер	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IV том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8879

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.